

## Үй тапсырмасын тексеру.

Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығы. «Үш бақытым», «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.

1. М.Мақатаевтың өмірі жолы.
2. Ақиық ақынның жыр әлемі.
3. «Үш бақытым» өлеңін жатқа мәнерлеп оқу.
4. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді айту

## ҮШ БАҚЫТЫМ

Ең бірінші бақытым – Халқым менің,  
Соған берем ойымның алтын кенін.  
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,  
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.

Ал екінші бақытым – Тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,  
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Бақытым бар үшінші – Отан деген,  
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!  
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?  
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.

Түтін түтет,  
Өс, өрбі, көгере бер,  
Немерелер көбейсін, шөберелер.  
Жадында ұста :  
Жақсылық күтпегейсің!  
От емес, оқ сұрасаң менен егер!

Үш бірдей бақытым бар алақанда,  
(Мені мұндай бақытты жаратар ма?!)  
Үш күн нұрын төгеді аспанымнан,  
Атырау, Алтай, Арқа, Алатауға!!!

## « Иә», «Жоқ» семантикалық кестені толтыру.

1. Мұқағали Мақатаев 1941 жылы өмірге келгені рас па?

1931

2. Мұқағали Мақатаевтың анасы Нағиман екені рас па?

3. Мұқағали Мақатаев пір тұтқан ақын Абай Құнанбаев екені рас па?

Т.Айбергенов

4. Мұқағали өлеңдерінің тақырыптары Отан, туған жер, махаббат, достық, табиғат туралы ма ?

5. Мұқағали Мақатаевқа алтын қалам сыйлаған Сәбит Мұқанов екені рас па?

Ғ.Мүсірепов

6. Мұқағали Мақатаевпен дос болған ақын қыз Фариза Оңғарсынова екені рас па?

7. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы 1975 жылы жарық көргені рас па?

1974 жылы

8. «Күпі киген қазақтың қара өлеңін, Шекпен жауып өзіңе қайтарамын».- деген ақын Мұхтар Шаханов екені рас па?

М.Мақатаев

9. «Аманат» өлеңдер жинағы үшін ақын Қазақстан Мемлекеттік сыйлығын алған ба?

10. Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек, Райымбек!» поэмасы бар ма?

## Сәуірдің тоғызы

### Қадыр Мырза-Әлі «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңі

Қадыр Мырза Әлі





## Өмірбаяны

Қадыр Мырзаліев, Мырза Әлі (5 қаңтар 1935 жыл, Жымпиты, Орал облысы - 24 қаңтар 2011 жыл, Алматы) — ақын, Қазақстанның халық жазушысы (1995), ҚР Әнұранының сөзін жазған авторлардың бірі.





- \* 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған.
- \* Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған.
- \* «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары
- \* 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі
- \* «Балауса» баспасының редакторы
- \* Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі.
- \* Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне екі рет депутат болып сайланды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының мүшесі болды.

## Қадыр Мырза Әлі (1935-2011)

Қадыр Мырза Әлі - еліміздегі жыр жұлдыздарының бірі. Қазақстанның халық жазушысы. Ақын 1935 жылы 5 қазанда Орал облысының Жымпиты кентінде туған. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін аяқтаған. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған. «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған. Осы уақытқа дейін жетпістен астам поэзиялық, прозалық жинақтары жарық көрді, екі жүзден астам әнге арнап жазған өлеңдері халық арасына кеңінен тараған. «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан» атты сатиралық комедия, Махамбетке арналған «Жаралы жолбарыс», Ақсақ Темірге арналған «Әмір Темір» драмалары ақын қаламынан туған ірі драмалық туындылар болып саналады. Ақын табиғат сұлулығын «Нұр», «Түн кірпігін ілмеді», «Шалкөде жайлауы» атты өлеңдерінде ерекше бір сыршылдықпен жырлайды. Сыршыл да сезімтал ақын көптеген әндердің авторы. Оның қаламынан туған «Ауылым», «Өз елім» және тағы басқа әндері халықтың сүйіп айтатын әндеріне айналған. Ақын аса бір тебіреніспен ауылына деген сезімін жеткізеді.

Қадыр Мырза Әлі аударма саласында да айтарлықтай еңбек етті, өзінің де шығармалары шетел тілдеріне аударылды.

Қадыр Мырза Әлі - Қазақстанның халық жазушысы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері.

Қазақтарды шетелдік қонақтарға  
таныстыру

Жайлауында жүрген жігіт бағып қой,  
Дос келді деп,  
Жасап жатыр анық той.

Тұңғыш рет көріп тұрсың сен оны,  
Нағыз қазақ осы, міне, Танып қой.  
Сәйгүлікті құйрық-жалы таралған,  
Сүйетұғын қазақ осы, Қараңдар!  
Қазақ осы: Күй шығарып,  
Ән салып, Көкпар тартып,  
Қыз қууға жаралған.

Қазақ осы: Айтатұғын желге сыр,  
О, ағайын, Халық емес ол кесір.

Қазақ осы: Аңғал-саңғал, Жабусыз,  
Қазақ осы: Ағыл-тегіл, Көл-көсір.

Қазақ осы: Дала дейтін, Күн дейтін.

Қазақ осы: «Өнер алды - тіл» дейтін.

Қазақ осы: Қарасың ба, Ақсың ба,  
Қоңырсың ба, Жатырқауды білмейтін.



Қазақ осы: Ашық, жарқын қабағы,  
Қонақ келсе , Шабылып бір қалады.  
Байқа да тұр, Саған да ол кетерде,  
Ат мінгізіп, Жібек шапан жабады.  
Қазақ осы: Көргенінен танбайтын,  
Той-думансыз оты түзу жанбайтын.  
Қазақ осы: Алудай-ақ алатын,  
Ал беруден алдына жан салмайтын.  
Қазақ осы: Құда бол деп қинайтын,  
Құдаларын құдайындай сыйлайтын.  
Қазақ осы: Дүние мен малыңды,  
Оңды-солды шашу үшін жинайтын.  
Қазақ осы: Жайып жатқан қанатын,  
Батыр халық, Ақын халық - дәл аты.  
Қазақ осы: Өзімсінген адамға  
Насыбайға бола өкпелеп қалатын.  
Жайлауында жүрген жігіт бағып қой,  
Дос келді деп, Жасап жатыр анық той.  
Тұңғыш рет көріп тұрсың сен оны,  
Нағыз қазақ осы, міне, Танып қой

## Жаңа сөздермен жұмыс.

сәйгүлік - скакун

жатырқау - чувство отчужденности

шашу үшін жинау - собирать, чтобы тратить

өкпелеу - обижаться, быть недовольным

кесір - вред

көл-көсір - очень много, в изобилии, обильно

ат мінгізу - подарить лошадь нағыз-настоящий

## Өлеңге сатылай кешенді талдау

Өлеңнің авторы

Қадыр Мырза Әлі

Өлең атауы

Қазақтарды шетелдіктерге таныстыру

Жанр түрі

поэзия

Шумақ саны

8

Тармақ саны

6

Әр шумақтың мәнін ашатын көркемсөздер

Нағыз қазақ, көкпар тартып, күй шығарған,  
Өнер алды- тіл, ат мінгізу, жібек шапан жабу, батыр халық.

Өлеңнің түйіні

Қазақ халқының қонақжайлығы, салт дәстүрі, сыйластығы.

Үйге тапсырма:

Қ.Мырзалиев «Қазақтарды шетелдіктерге таныстыру» өлеңін жаттау.

Адам күліп тумайды, туа сала күлмейді.

Үйренеді күлуді, бірақ күліп өлмейді.

Адам жылап туады, жатады жұрт жұбатып,

Және жылап өледі, өзгені де жылатып.

Жылайтыны туарда – жамандар бар қинайтын,

Жылайтыны өлерде – жақсылар бар қимайтын.